

Кімге: «Казсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорына

Автордың аты-жөні және лауазымы: Ақан Күміс Мухтарқызы «Сарқан аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

Күні: 13.11.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Еліміздегі су тапшылығы мәселесінің себебі мен салдары.

Кілт сөздер: су, су тапшылығы, су ресурстары.

Кіріспе. Қазақстан – табиғи ресурстарға бай мемлекетің бірі. Су тапшылығы мәселесі осы ресурстарды тиімді басқарудың қажет етеді. Географиялық орналасуы, климаттық ерекшеліктері және экономикалық дамуы судың тапшылығының туындауына байланысты халықтың өмір сүру деңгейіне, ауыл шаруашылығына, өнеркәсіпке әсерін тигізуде.

Су – біздің өміріміз бен денсаулығымыздың қайнар көзі, ол адамдарға және басқа да тіршілік иелеріне өмір сыйлады.

Қазіргі уақытта әрбір үй сумен қамтамасыз етілген. Біз қалаған уақытымызда шай қайнатуға, кір жууға немесе үйді тазартуға мүмкіндігіміз бар. Мүмкін осыған байланысты судың қадірін түсінбейтін адамдар баршылы. Біз оны үнемдемейміз, шүмекті (кранды) ұзақ уақытқа ашып қоямыз. Ал, Африка тұрғындары су тапшылығынан үлкен зардап шегуде.

Әлемнің біраз мемлекеттерінде, бір су тамшысы, алтыннан құнды. Сондықтан, адамдар сусыз өмір жоқ, оған құрметпен және қамқорлықпен қарағандығын қалаймын. Табиғат берген сыйды бағалайық!

Әлемнің алдымыздағы 20 жылда су тапшылығы мен қуаңшылық қауіпі күтілуде. Су ішпей көптегенде бір апта өмір сүре алатын адам баласы үйінде кемінде 190 литр суды жұмсайды, жылдық су мөлшері 400 мың литрді құрайды.

Бір тонна бидай өндіру үшін мың тонна, бір тауықты жейтіндей қылу үшін мың 200 литр, 1 кг-нан үшін 400-1200 литр аралығында су қажет етеді.

Өндіріс саласына көз жүгіртетін болсақ, бір автокөлік өндіру үшін 150 тонна, 100 грамм шоколад үшін 1 литр, 1 журнал шығару үшін 9 литр, 1 кг дайын кофе үшін 20 литр, 1 кг темір өндіру үшін 100 литр су керек. Мысалдарға қарағанда ең маңызды өмір сүру үшін емес тіршіліктің әр сатысы үшін адам үшін су маңызды.

Жоғары айтылғандай келесі жарты ғасырлық кезеңде жер шарының су қолданысы және сапасы аясында түрлі қауіптіліктер мен қорқынышты

жағдайларға салғырт қарамау керек. Болашақтағы астық қауіпсіздігін бүгіннен бастап кепілдікке алу керек. Бұл үшін ынтымақтастық шараларын нығайтуға тиіспіз.

Негізгі бөлім. Қазақстан су ресурсы тапшы елдер санатында. Географиялық тұрғыдан алғанда, бізде табиғи су қоры өте аз және негізгі су ресурсының көзі шекаралас мемлекеттер аумағында орналасқан. Соған қарамастан, біз барлық қолжетімді су ресурсын бейберекет және үнемсіз пайдаланып отырмыз. Біріккен Ұлттар Ұйымының ақпаратына сәйкес, бүгінде 2,2 миллиард адам таза ауыз сумен қамтамасыз етілген. Сарапшылар елдің экологиялық жағдайы мен ұлттың әлеуметтік әлауқаты суды орынды тұтынуға тікелей байланысты екенін растады. Орталық Азияның басқа республикаларымен салыстырғанда Қазақстан суды ең көп тұтынатын елдер қатарына кіреді. Қазақстанда жан басына шаққандағы суды тұтыну бойынша әлемде 11-орында. Республика бойынша тәуліктік норма 3,5 мың литр. Ресейде бұл көрсеткіш үш есе аз — бір адамға 1,3 мың литр, Германияда — 855 литр, ал Ұлыбританияда — небәрі 348 литр салыстырсақ болады.

	КҮНДЕЛІКТІ (ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ Л)	ЖЫЛДЫҚ (МЛН ТЕКШЕ МЕТР)		КҮНДЕЛІКТІ (ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ Л)	ЖЫЛДЫҚ (МЛН ТЕКШЕ МЕТР)
 1 Түркіменстан	16 281	27 950	 13 Суринам	3339	615,9
 2 Чили	5935	35 430	 21 Канада	2717	35 730
 3 Гайана	5283	1445	 25 Армения	2649	2847
 4 Өзбекстан	4754	54560	 40 Түркия	2023	58950
 5 Тәжікстан	4547	11490	 66 Россия	1311	69 500
 6 Қырғызстан	4281	8007	 71 Грузия	1206	1823
 7 АҚШ	3794	444 300	 77 Қытай	1165	598 100
 8 Иран	3707	93 300	 89 Германия	855	25 330
 9 Эстония	3580	1720	 114 Украина	604	9862
 10 Әзірбайжан	3556	12 780	 136 Ұлыбритания	348	8420
 11 Қазақстан	3499	22 770	 179 Конго	34	683,6

Суды пайдалану бойынша елдер рейтингі

Ақпараттарға сәйкес, Қазақстандағы таза судың қоры 539 шақырымды құрайды. Мұның 190 шақырымы ел аумағындағы көлдерде, 95 шақырымы су қоймаларында, 101 шақырымы өзендерде, 95 шақырымы жер астында, 58 шақырымы таулар басындағы мұздақтарда шоғырланған. Елімізге сырттан келетін сулар негізінен өзендер арқылы қалыптасады. Атап айтқанда, трансшекаралық өзендер арқылы бізге жылына Ресейден 8 шақырым, Қытайдан 19 шақырым, Өзбекстаннан 15 шақырым, Қырғызстаннан 3 шақырым су келеді екен. Яғни, өзендердегі 101 шақырым судың 45 шақырымы сырттан келетін болса, 56 шақырымы еліміздің өз ішінде қалыптасады.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі хабарлағандай,

барлық су қабылдағыштан тұрақты суаруға шамамен 11,6 шақырым су келеді. Оның 11,3 шақырымы немесе 97%-ы оңтүстіктегі 5 облысқа тиесілі. Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда және Жетісу облыстарында жалпы суару алаңы 1,61 млн гектар немесе ел бойынша барлық алаңның 73%-ын құрайды. Ауыл шаруашылығы министрлігі жер ресурстарын басқару комитетінің дерегінше, елде суармалы жерлердің аумағы 2,2 млн гектар болса, оның 1,6 млн гектары пайдаланылады.

2025 жылға қарай су тапшылығын көретін адамдардың саны 5,5 миллиардқа дейін өседі деп болжануда. Бұл – әлем халқының үштен екі бөлігі ауыз суға зәру болады деген сөз. Соңғы жылдары жер бетіндегі халық санының көбеюімен әлемде су тұтыну көлемі де ұлғайған. Дүниежүзілік су жөніндегі комиссияның мәліметіне сүйенсек, бүгінде әр адам күніне 20-50 литр су құртады екен. Атап айтқанда әлемнің 28 елінде миллиардқа жуық адам осы өмірлік маңызды ресурсқа қол жеткізе алмай отыр. Сонымен қатар 2,5 миллиардқа жуық адам орташа немесе ауыр су тапшылығын сезуде.

Судың қолжетімділігі мен қажеттілігін суды пайдалануды азайту, ластанған сулар мен жасыл Ауыл шаруашылығын сақтау үшін экожүйелер құру арқылы жеткізуге болатынын атап өтті. Оның сөзінше, ауыл шаруашылығы суды аз қажет ететін дақылдарға, агрохимиялық жүктемелерді азайтуға, зиянкестер мен ауруларды кешенді бақылауға, сондай-ақ суару технологияларына қайта бағытталуы керек.

Қорытынды. Қазақстандағы су тапшылығы – елдің тұрақты дамуымен қоса экономикалық тұрғыдан өсіміне қауіп төндіретін мәселенің бірі. Оны шешу үшін кешенді шаралар мен тиімді саясат қажет етеді. Су ресурстарын оптимизациялау арқылы басқару мен экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін халық, бизнестер және мемлекеттік органдар арасында бірлестік қалыптастыру маңызды.

Ұсынымдар:

- Су мәдениетін қалыптастыруға үндейтін әлеуметтік роликтер санын көбейту.
- Көпшілік орындарда, үйлерде сенсорлы қол жуу құралдарын орнату қажет.
- Көлік жуу, клининг орталықтарына да суды үнемдеуге қатысты ережелер ұсыну.
- Су қамсыздандыру бағдарламаларын әзірлеу.
- Ауыл шаруашылығында су үнемдеу технологияларын енгізу.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. <https://dulaty.kz/ru/2020-01-30-02-50-58/item/5742-su-tirshilik-k-zi.html>.
2. <https://www.minber.kz/2024/02/qazaqstandagy-su-tapshylygyn->

sheshuding-qandaj-zholdary-bar/.